



Құрметті жітіқаралықтар!

Тамаша мереке - Астана күніне байланысты шын жүректен құттықтауымды және шынайы тілектерімді қабыл алыңыздар!

Был Астана қаласы 1998 жылы елордалық мәртебеге ие болғанына 25 жыл толады. Астана бүгінде адам танымастай, қала келбеті өзгеріп, жылдан жылға көркейіп келеді. Бұл ірі саяси, экономикалық, мәдени және білім беру орталығы, бірегей құрылыстардың, қала құрылысының заманауи технологияларының арқасында елордамыз бүкіл әлемге танымал болды.

Астана – қазақстандықтардың мақтанышы, ел тәуелсіздігі мен егемендігінің нышаны, жас мемлекетіміздің тұрақтылығы мен экономикалық өрлеуінің нышаны, бұл қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын қастерлеп, құрметтейтін қала. Астана - саяси көшбасшылардың, іскерлік серіктестер мен инвесторлардың, конфессиялар мен діндердің ең жоғары өкілдерінің, мәдениет пен өнердің әлемдік қайраткерлерінің кездесу орны, мұнда жарқын болашақ мемлекет үшін барлық маңызды шешімдер қабылданады.

Осы жарқын мереке күні баршаңызға зор денсаулық, бақыт және өркендеу тілеймін! Үйіңізге, отбасыңызға және жақындарыңызға бейбітшілік! Алға сеніммен қарайтын Астанамыз көркейіп, баршамызды біріктіріп, айбынды әрі көрікті бола берсін.

Құрметпен, «Костанайские минералы» АҚ Басқарма Торағасы Е.С. НҰРХОЖАЕВ.

Уважаемые житикаринцы!

Примите мои сердечные поздравления и искренние пожелания в связи с праздником – Днём столицы!

В этом году исполняется 25 лет с момента приобретения городом Астана столичного статуса в 1998 году. Сегодня Астану не узнать, город меняет свой вид, с каждым годом становясь все краше. Это крупный политический, экономический, культурный и образовательный центр, и благодаря уникальным сооружениям, современным технологиям градостроительства наша столица стала известна во всем мире.

Астана – это гордость казахстанцев, символ независимости и суверенитета страны, символ стабильности и экономического роста нашего молодого государства, это город, в котором уважают и чтят традиции и обычаи казахского народа. Астана - это место встреч политических лидеров, деловых партнеров и инвесторов, самых высоких представителей конфессий и религий, мировых деятелей культуры и искусства, здесь принимаются все судьбоносные решения во имя светлого будущего государства.

В этот замечательный праздничный день хочу пожелать всем крепкого здоровья, счастья и процветания! Мира вашему дому, родным и близким! И пусть наша уверенно смотрящая вперед столица Астана процветает, объединяет всех нас, становится величественней и прекрасней.

С уважением Председатель Правления АО «Костанайские минералы» НҰРХОЖАЕВ Е. С.



Юбилей Красивая дата

Невозможно представить себе более значимую дату, чем столетие. Такое редкое событие удастся отметить только самым стойким, самым жизнелюбивым, самым мудрым, самым добрым людям.

1 июля заместитель акима района Зульфия Урманова, руководитель отдела занятости и социальных программ Тулеген Жабулов, председатель районного Совета ветеранов Орынкуль Бурушпаева посетили и поздравили с прекрасным юбилеем труженицу села, многодетную мать Гулмарам Кервенбаеву.

Она родилась в Жынгылдинском сельском округе Бухарской области Республики Узбекистан. Окончила 7-летнюю среднюю школу.

На любом участке работы ее отличали огромное трудолюбие и большая ответственность.

Гулмарам Кервенбаева награждена орденами «Ветеран труда» и «Материнская слава». За воспитание детей ей вручена подвеска «Алтын алқа». На историческую родину в город Жи-



тикару Гулмарам Кервенбаева приехала в 2011 году. Сейчас она проживает с дочерью Назипой. Живут в нашем городе и другие ее дети, внучатые племянники.

Гулмарам Кервенбаева, несмотря на преклонный возраст, не утратила оптимизма. Когда позволяет здоровье, любит петь.

Трогательно прозвучало от юбиляра искреннее благословение житикаринцам. В нем пожелание мира и добра.

А мы пожелаем именинице здоровья и благополучия! Ее жизнелюбие - пример для многих.

Тогжан ЖАМАНКУЛОВА.

Халық жадында сақталған тұлға (Ақсұлу Орысбайқызы)



Киелі Жітіқара төрінде Қостанай облыстық мәдениет басқармасы және Жітіқара ауданы әкімшілігінің ұйымдастыруымен 19 ғасырдың импровизаторы деп аталған жерлесіміз Ақсұлу Орысбайқызының 150 жылдық мерейтойына арналған «Айтыстың Ақсұлуы...» атты облыстық ақындар айтысы өтті.

Айтыс халықтың төл өнері. Осынау ұлы өнерде ұрпаққа берілетін сарқылмас тәрбие мен тәлім жатыр. Жыр додасына үкілі домбыраларын алып, алқалы топтың алдында өнер бәйгесінде көсіле шабуға облыс аумағынан көмейлігінен көмкерілген көркем жырды домбыраның шаңағына сыйғызып жүрген 12

ақын 6 жұпқа бөлініп, Мәдениет Сарайын жырға бөледі. Әділ қазылар алқасының құрамында халық ақыны Әсия Беркенова, ҚР мәдениет қайраткері, филология ғылымының кандидаты, ақын Ақылбек Шаяхметов, жергілікті ақын Серік Қалиев қазылық етті.

Әділ қазылар алқасына да әр жұп сайын баға беру оңайға түскен жоқ. Дегенмен ақындар өзгелердің сезбегін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін халықтың атынан жеткізеді. Бес сағатқа созылған аламан айтыстың қорытындысы бойынша Бас жүлде 500 мың теңгелік ақшалай сыйлық Арқалық қаласынан шыққан Батырлан Сағынтаевқа

бұйырды. Ал бірінші орын – Мамай Ізтілеу (Б.Майлин ауданы); екінші орын – Салтанат Өтелбаева (Қостанай ауданы); үшінші орын – Марғұлан Оспанов (Қостанай қаласы). Қалған қатысушылардың барлығына ынталандыру сыйлығымен дипломдар табысталды.

Сонымен қатар, Ақсұлу Орысбайқызының Ресейден келген ұрпақтары 4 ақынға арнайы сыйлықтарын табыс етті. Ақындарымызға туған еліміздің биікке ұшар сұңқары, бәйгенің алдын бермес тұлпары болындар деген тілекпен аламан айтыс мәресіне жетті.

«Тілдерді оқыту орталығы».

Астана

С днем рождения, столица!
Тебе есть ведь чем гордиться.
Дипломаты всего света
К тебе едут за советом.

Ты пример для подражания,
Мира, дружбы, созидания.
Как маяк, ты людям светишь,
Всех ты встретишь и приветлишь.

Ехро выставку открыла,
Все народы удивила.

С каждым годом ты все краше,
Астана,
ты гордость наша!

Байтерек – как кодекс чести,
Будем мы навеки вместе.
Страна дружбою сильна,
С днем рождения, Астана!

Л. Бердичевская,
пенсионер-медработник.

Домбыра – қазақтың асыл қазынасы



Қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында 2018 жылдың 12 маусымында «Ұлттық домбыра күні туралы» қаулы шығып, шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып белгіленгені бәріне мәлім. Содан бері киелі домбыраның қасиетін ұғынуға тырысып, қызығушылық танытып үйренуге талпынған адамдар саны күн сайын артып келеді.

2023 жылдың 30 маусымында Жітіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен Домбыра күніне арналған «Домбыра-бабадан қалған мұра» фестивалі осының айғағы. Фестивальге Бейімбет Майлин, Қамысты, Денисов аудандары мен Лисаковск қаласынан домбырашылар арнайы келіп өз өнерлерін паш етті. Біздің ауданның «Балдәурен» домбырашылар халық ансамблі де өнер көрсетіп көрермен қошеметіне бөленді. Әр өңірден келген домбырашылардың бірлесу орындауынан тегілім «Балбырауын», «Ерке сыйлым» күйі ерекше әсерлі болды.

Фестиваль аясында Жітіқара қаласы музейінің қызметкерлері балаларға «Домбыра асыл мұра» мәдени-білім беру жобасын ұсынды. Музей менгерушісі Жулаева Айнагүл Төлегенқызы балаларға домбыраның шығу тарихын баяндап берді. Кейін музыкалық аспаптарға қатысты жұмбақтар жасырылып балалардың одан әрі қызығушылығын арттырды. «Шырша түйнегінен дом-

быра құрастыр», «Домбыра суретін сал», «Пазл бөліктерінен домбыра құрастыру» сияқты т.б. ойындар ұйымдастырылды. Балалардың қазақ халық шығармашылығына, ұлттық музыкалық аспаптарға танымдық қызығушылығын қалыптастыру, сонымен бірге, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілік пен жан-жағына құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында өткізілген жоба балаларға керемет мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Қазақ халқы домбыраны көне заманнан бері қуанышта да, қайғыда да бірдей қолданып келеді. Ата-бабамыз домбыраның сыңғырлаған үнінен халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мызғымас құндылықтарын жеткізген. Ал домбырада ойнау өнері мен күмбірлеген күйлері ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып отырған. Ұлттық рухымызды қайта жаңғыртуға бағытталған айтулы мерекенің әр қазақ баласына берері мол екені белгілі. Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Дина, Сүгір сынды бабаларымыздан мирас болып қалған күй өнерін жандандыруда да бұл күннің алар орны ерекше.

Халқымыздың қатпар-қатпар тарихынан, асу да асу кезеңдерінен сыр шерткен күй-толғау, сыңғырлаған сұлу сазды ән-әуендері құлағымыздан кетпесін, халқымыздың қасиетті ұлттық аспабы – Домбыра төрімізден түспесін! Төңірегімізден тыныштық үзілмесін. Домбыра тек бейбітшілігіміздің жаршысы болсын!

КАРАБАЕВА А. Б.